Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Сайрам аудандық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Сайрамский районный государственный архив» управления цифровизации, оказания государственных услуг и архивов Туркестанской области

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2025 жылғы 26 желтоқсан № 39-н/қ

Ақсу ауылы село Аксу

2026 жылға арналған мекеменің Мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу ережесі негізінде және Түркістан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №20/268-VIII Шешіміне сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Сайрам аудандық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі – Мемлекеттік архиві)* 2025 жылғы Мемлекеттік сатып алу бойынша есептерінің қорытындысы және 2026 жылға арналған Мемлекеттік сатып алу жөніндегі тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерінің жоспары мемлекеттік сатып алу Веб-порталына орналастырылып, бекітілсін.

2. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі мемлекеттік архиві комиссиясының құрамы төмендегідей бекітілсін:

Әзімбаев Нұрбек Керімбекұлы – комиссия төрайымы;

Мамырбекова Айнұр Төребекқызы - комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері:

Жаксыбаева Айжамал Қуанышбайқызы - бухгалтер,

Байысбаева Бағила Қыдырбайқызы – жоғары санатты архивист,

000144

Кункабаева Забира Балтабайқызы – жоғары санатты архивист,

Исабекова Перизат Жарқынбекқызы – I санатты архивист,

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мекеменің бухгалтері А.Жақсыбаеваға жүктелсін.

Негіздеме: Түркістан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №20/268-VIII шешімі.

Сайрам аудандық мемлекеттік архивінің басшысы **Н.Азимбаев**

Бұйрықпен таныстым:

_____А.Жақсыбаева

«26»_____12_____2025ж.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ТУРКЕСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2025жылғы 15 желтоқсан **№ 20/268-VIII**

Түркістан қаласы город Туркестан

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 91-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түркістан облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстықбюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 1 255 587 146 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 36 160 971 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 4 097 633 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 69 459 мың теңге;

арнаулы түсімдер – 24 763 975 мың теңге;

трансферттер түсімі – 1 190 495 108 мың теңге;

2) шығындар – 1 260 445 118 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – - 9 062 973 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 33 165 312 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 42 228 285 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 1 950 152 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 1 950 152 мың теңге;

5) бюджет профициті – 2 254 849 мың теңге;

6) бюджет профицитін пайдалану – - 2 254 849 мың теңге.

2. 2026 жылға облыстық бюджетке және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне әлеуметтік салығы бойынша бөлу нормативі келесідей мөлшерлерде белгіленсін:

аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне – 50 пайыз;

облыстық бюджетке аудандардан (облыстық маңызы бар қалалардан) - 50 пайыз.

3. 2026 жылға облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне берілетін субвенциялардың жалпы көлемдері16 390 720 мың теңге сомасында қарастырылсын, оның ішінде:

Бәйдібек ауданына – 1 378 589 мың теңге;

Жетісай ауданына – 1 380 479 мың теңге;

Келес ауданына – 2 495 859 мың теңге;

Мақтаарал ауданына – 3 098 842 мың теңге;

Отырар ауданына – 925 776 мың теңге;

Сауран ауданына – 1 909 138 мың теңге;

Шардара ауданына – 1 093 115 мың теңге;

Кентау қаласына – 4 108 922 мың теңге.

4. 2026 жылға аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың жалпы көлемдері 32 755 478 мың теңге сомасында қарастырылсын, оның ішінде:

Қазығұрт ауданынан – 1 413 345 мың теңге;

Ордабасы ауданынан – 1 320 882 мың теңге;

Сайрам ауданынан – 8 906 605 мың теңге;

Сарыағаш ауданынан – 2 032 502 мың теңге;

Созақ ауданынан – 13 672 548 мың теңге;

Төлеби ауданынан – 1 173 634 мың теңге;

Түлкібас ауданынан – 374 607 мың теңге;

Арыс қаласынан – 966 443 мың теңге;

Түркістан қаласынан – 2 894 912 мың теңге.

5. 2026 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

облыстың жер қатынастары басқармасы;

облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы;

облыстың мәдениет басқармасы;

облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы;

облыстың құрылыс басқармасы;

облыстың сәулет және қала құрылысы басқармасы;

облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;

облыстың туризм басқармасыбойынша.

Көрсетілген трансферттердіаудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

6. 2026 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттерінің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы;

облыстың құрылыс басқармасы;

облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша.

Көрсетілген трансферттерді аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

7. 2026 жылға арналған облыстық бюджетте аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кредиттер қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

тұрғын үй сатып алуға.

Көрсетілген кредиттерді аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

8. Түркістан облысы әкімдігінің 2026 жылға арналған резерві 1 298 620 мың теңге сомасында бекітілсін.

9. 2026 жылға Түркістан облысы әкімдігінің борыш лимиті 585 785 363 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

10. 2026 жылға Түркістан облысы әкімдігінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерініңлимиті 209 262 306 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

11. 2026 жылға Түркістан облысы әкімдігінің «толық бітіріп берілетін» құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті 139 512 920 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

12. 2026 жылға арналған жергілікті бюджеттің атқарылуы процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі осы шешімге 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелері мен нысаналы индикаторларының тізбесі осы шешімге 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстықмәслихат
төрағасы **Н.Әбішов**

Түркістан облысы ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер сапасын бақылау басқармасы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Электрондық мемлекет» ақпараттық жүйесінде дайындалды